

Прокуратура органдарына көліктік қызмет көрсетуге арналған арнаулы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 916 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 655 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2025 № 655 қаулысымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған прокуратура органдарына көліктік қызмет көрсетуге арналған арнаулы көлік құралдарының заттай нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С.Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 916 қаулысымен
бекітілген

Прокуратура органдарына көліктік қызмет көрсетуге арналған арнаулы көлік құралдарының заттай нормалары

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына көліктік қызмет көрсетуге арналған арнаулы көлік құралдары заттай нормаларының табелі

Р/с №	Атауы	Арнаулы көлік құралдарының заттай нормалары (жеңіл автомобильдер базасында)	Арнаулы көлік құралдарының заттай нормалары (жүк автомобильдерінің және жолаушылар автобустарының шассилерінде)
1	2	3	4
1	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 15 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	-
2	Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында		-

	заңдылықты қадағалау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 10 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	
3	Жедел-іздігіру қызметінде заңдылықты қадағалау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 6 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	-
4	Соттарда мемлекет мүдделеріне өкілдік ету жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 9 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	-
5	Арнаулы прокурорлар бөлімшесі	Бөлімшенің 6 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	Жылжымалы криминалистік зертхана
6	Ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазасын өтеп жүрген адамдар құқықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 6 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	
7	Ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 6 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	-
8	Сот актілерінің заңдылығын қадағалау және қылмыстық істер бойынша мемлекет мүдделеріне өкілдік ету жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 9 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	-
9	Өзге де жедел бөлімшелер	Бөлімшенің 8 бірліктен тұратын штат санына бір көлік құралы	-
10	Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бөлімше	Бір көлік құралы	-
11	Ішкі бақылау бөлімшесі	Бір көлік құралы	-
12	Жалпы пайдаланудағы көлік құралдары	Бір көлік құралы	Орта немесе шағын сыныпты бес жолаушылар автобусы; шағын тонналы бір жүк автомобилі
13	Бас прокуратураның, ведомстволары мен мекемелері, сондай-ақ Бас прокуратураның Алматы қаласындағы өкілдігі	Бір көлік құралы	Шағын тонналы бір жүк автомобилі

Прокуратураның аумақтық органдарына көліктік қызмет көрсетуге арналған арнаулы көлік құралдары заттай нормаларының табелі

P/c №	Атауы	Арнаулы көлік құралдарының заттай нормалары (ж е ң і л автомобильдер базасында)	Арнаулы көлік құралдарының заттай нормалары (ж ү к автомобильдерінің және жолаушылар автобустарының шассилерінде)
1	2	3	4
Облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралар			
1	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 8 бірліктен тұратын штат санына есептегенде бір көлік құралы	-
2	Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында заңдылықты қадағалау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 8 бірліктен тұратын штат санына есептегенде бір көлік құралы	-
3	Жедел-іздігіру қызметінде заңдылықты қадағалау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 5 бірліктен тұратын штат санына есептегенде бір көлік құралы	-
4	Соттарда мемлекет мүдделеріне өкілдік ету жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 8 бірліктен тұратын штат санына есептегенде бір көлік құралы	-
5	Арнаулы прокурорлар бөлімшесі	Тергеу топтарының басшылары үшін бір көлік құралы	Жылжымалы криминалистік зертхана
6	Ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 8 бірліктен тұратын штат санына есептегенде бір көлік құралы	-
7	Сот актілерінің заңдылығын қадағалау және қылмыстық істер бойынша мемлекет мүдделеріне өкілдік ету жөніндегі бөлімше	Бөлімшенің 8 бірліктен тұратын штат санына есептегенде бір көлік құралы	-

8	Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бөлімше	Бір көлік құралы	-
9	Өзге де жедел бөлімшелер	Бөлімшенің 7 бірліктен тұратын штат санына есептегенде бір көлік құралы	-
10	Ж а л п ы пайдаланудағы көлік құралдары	Бір көлік құралы	Шағын тонналы бір жүк автомобилі
11	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің бөлімшелері	Бір көлік құралы	-
Аудандардың (қалалардың) прокуратуралары және оларға теңестірілгендер			
1	Аудандардың (қалалардың) прокуратуралары және оларға теңестірілгендер	Саны 35 қызметкер болған кезде бір көлік құралы	-
Мамандандырылған прокуратуралар			
1	Т ү з е у мекемелеріндегі заңдылықты қадағалау жөніндегі мамандандырылған прокуратура	Бір көлік құралы	-
2	Мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы	-	"Өзен-Теңіз" сыныбындағы бір катер